

Мәслихаттың 2017 жылғы 23 ақпандағы № 97 "Әлеуметтік көмек көрсетудін, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2020 жылғы 5 ақпанды № 349 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 ақпанда № 8952 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 402 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 21.09.2020 № 402 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының бабына сәйкес мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 23 ақпанды № 97 шешіміне (2017 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6915 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 1-1) тармақшасы алынып тасталсын;

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органның мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қыын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке күніне ақшалай нысанда көрсететін көмегі түсініледі.";

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Жеңіс күні – 9 мамыр мереке күні болып табылады.";

7-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Біржолғы әлеуметтік көмек өмірлік қын жағдайға тап болған келесі азаматтарға, сондай-ақ мереке күніне азаматтардың жекелеген санаттарына:";

мемлекеттік тілде 7-тармақтың 9) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгөрмейді:

"9) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан теңестірілген адамдарға, соғыс қатысуышыларына жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен теңестірілген адамдардың басқа санаттарына, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымдан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға, Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне орай, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.";

7-тармақтың 10) тармақшасы алынып тасталсын;

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Мереке күніне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Амангелді аудандық мәслихатының хатшысы*

*H. Ахметов*

*K. Кеделбаев*